

Жамбыл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы

Алматы облысы Жамбыл ауданды әкімдігінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 472 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 19 қазанда № 24801 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жамбыл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы әкімі

Н. Ертас

2021 жылғы 5 қазандағы № 472 қаулысына
қосымша

Жамбыл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі
1	Ұзынағаш ауылындағы Қарасай батыр көшесінде орналасқан, "НұрАй" азық-түлік дүкенінің оң жағында	6	"НұрАй" азық-түлік дүкені	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5 жыл
2	Ұзынағаш ауылындағы Қарасай батыр көшесінде орналасқан, "НұрАй" азық-түлік дүкенінің сол жағында	6	"НұрАй" азық-түлік дүкені	Бөлшек сауда (а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5 жыл
	Ұзынағаш ауылындағы Төле би көшесінде орналасқан, "			Бөлшек сауда (а у ы л	

3	Жетісу" сауда орталығының сол жағында	6	"Жетісу" сауда орталығы	шаруашылық өнімдерін сату)	5 жыл
4	Ұзынағаш ауылындағы Қарасай батыр көшесінде орналасқан, "Панда фудс" кафесіне қарама-қарсы	6	"Азия" азық-түлік дүкені	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5 жыл
5	Ұзынағаш ауылындағы Сүйінбай көшесінде орналасқан, "Мирас" сауда орталығына қарама-қарсы	6	"Күрті" азық-түлік дүкені	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК